

**8D02202-«ДИНТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША  
ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУГЕ АРНАЛҒАН ЕМТИХАН  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

## МАЗМҰНЫ

### **1. Білім беру бағдарламасына қабылдау емтихандарының мақсаты мен міндеттері.**

Докторантураға қабылдау емтихандарының *мақсаты* – талапкердің дінтану саласындағы базалық білімі мен білігін анықтап, бағалау.

*Емтихан міндеттері:*

1. Талапкердің теориялық және тәжірибелік дайындық дәрежесін, ғылыми білімді ЖОО-да және мектепте дінтану білімін ұйымдастыруында қолдана білуін бағалау.

2. Оқу және кейінгі кәсіптік қызметіне деген қызығушылығы мен құлшынысын анықтау.

3. Ақпараттық және коммуникативтік мәдениет білімділік дәрежесін анықтау.

4. Ғылыми жұмыс жазу, өндірістік және инновациялық қызметінде өзіндік дайындығын тексеру.

### **2. 8D02202-«Дінтану» бойынша докторантураға түсушілерге қойылатын талаптар.**

Емтиханда ізденушілер дербес зерттеудің жаңа тәсілдерін үйрену, кәсіби функцияларды іске қосумен байланысты міндеттер мен мақсаттарды қоя білу дәрежелерін көрсету керек. Туындаған мәселелерді шешуде ғылыми әдістерді қолдануға дайын болу, қоғам пен мемлекет алдында істеген кәсіби және ғылыми істеріне жауап беру, демократиялық сенім мен гуманистік құндылықтар негізінде құрылған белсенді азаматтық позиция ұстану, кәсіби салада шығармашылық деңгейін көрсете білу, өз мамандығының қоғамдағы орнын түсіне білу және үлкен жауапкершілікке ие болу, азаматтық және кәсіби борыш сезіміне ие болу секілді қасиеттерді бойына дарыта білу керек.

**3. Оқуға түсушілерге арналған емтихан түрі:** - жазбаша емтихан түрі.

### **4. Емтихан тақырыптарының тізімі**

#### **4.1 «Дінтану әдістемесі» пәні**

#### **Дінді түсіндірудегі ғылыми бағыттың қалыптасу ерекшеліктері**

Дінтану өз пәні мен методы бар жеке ғылым саласы. Методологиялық негіздемелері. Дін туралы ғылым және діндер тарихы. Дінді түсіну мен оқуды антропологиялық, этнологиялық, әлеуметтік және т.б. зерттеу әдістерімен өзара байланыс ретінде қарастыру. Дін туралы ғылыми білім және атеизм. Діни сана эволюциясының тарихына қатысты ғылыми бағыттар. (Э.Б.Тэйлор, Дж.Фрэнгер)

#### **Діни дүниетаным және ғылыми түсінік.**

Әлемді діни тұрғыда қабылдауға ғылымның ықпалы. Дін психологиясы зерттеулері: сенімнің субъективтік мотивтерінің сараптамасы (У.Джеймс) -

методологиялық бағыттардың қалыптасуы. Философиядағы ықпалды бағыттардың көзқарастары бойынша.

Қазіргі дін философиясының қалыптасуының алғы шарттары (методологиялық негіздері). Қазіргі дінтанудың дін философиясы мен философиялық теологиядағы діни сенімдердің философиялық-ғылыми сараптамасы. Қазіргі дін философиясының пәндік саласы, діни сенімдердің ақиқаттылығы және рациональдығы, діни тіл ерекшеліктері.

### **Дінтанулық танымдық әдістер**

Дінтану әдістемесі ұғымы. Дінтану әдістемесінің топтамасы. Дінтанудағы басқа ғылым салаларында да қолданылатын жалпы философиялық, әлеуметтік-философиялық, арнайы жалпы ғылыми және жеке ғылыми, теориялық және эмпирикалық методтар және олардың мінездемелері. Жалпы ғылыми бағыттар. Жүйелі бағыт бүтін объектілерді зерттеудің әдіснамасы ретінде. Таза дінтанулық бағыттар. Мазмұндау принциптері және мінездемелері. Қазіргі адамдар үшін дінтанулық әдіснамалар туралы түсініктердің мәні.

### **Дінтану дін туралы**

Діннің анықтамасы. Анықтаманың түрлері: теологиялық түсіндірме (Э. Трельч, Р. Отто, П.А. Флоренский, П.Л. Бергер, Т. Лукман және басқалар.) философиялық (Б. Спиноза, И. Кант, Ф.Гегель, Л. Фейербах және басқалар.), социологиялық (М.Вебер, Б.Малиновский, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс және басқалар.) биологиялық және психологиялық (У. Джеймс, Л. Леви-Брюль, З.Фрейд, Э.Фромм, К.Г. Юнг және басқалар.), этнологиялық бағыт. Әлеуметтік гуманитарлық ой тарихындағы дін: методологиялық аспектілері. Дінді ғылыми тұрғыда танудың принциптері.

### **Дінтанулық зерттеулердің негізгі категориялары**

Дінтануда жалпы философиялық және әлеуметтік-философиялық категориялар қолданылады: «болмыс, сана, таным, көрініс, символ, ақиқат, адасу, қиял, елес, қоғам, материалдық және рухани өндіріс, мәдениет, жаттану» және сол сияқтылар. Логикадан, этикадан, эстетикадан кірген ұғымдар және терминдер: «белгі, мән, мағана, ұят, жауапкершілік, мейрімділік, жанашырлық, сұлулық» және т.б.. Жалпы ғылыми ұғымдар: «жүйе, мазмұн, қызмет, рөл, заң» және т.б.. Жеке ғылыми ұғымдар: «ғасыр, құқық, елес, вера, сезім, көңіл-күй, азап, араласу, тіл, өмір, өлім» және т.б.. Арнайы дінтанулық ұғымдар мен терминдер: «дін, теология, діни культ, шіркеу, конфессия, храм, дұға» және т.б..

### **Дін социологиясы: методологиялық бағыттардың қалыптасуы**

О. Конт. Әлеуметтік философия мен социологияның методологиясы және қоғам өміріндегі діннің орны мен түп негізін түсіну.

(Э.Дюркгейм). Дін социологиясының негізін салу: жанұяның, саяси жүйенің және экономиканың дамуына діннің ықпалын зерттеу; діннің институционализациялану формалары; топтамалары: зерттеу методтарын таңдау (М.Вебер) Магия, ойлау, ғылым, дін: антропологиялық константтар және ғылыми бағыттар (Б.Малиновский). Діннің мазмұндық анықтамасы: онтологиядан зерттеу методологиясына өту. (Э.Тэйлор, Э.Дюркгейм)

### **Маман үшін дінтанулық әдіснамалар туралы түсініктердің мәні**

Дінтану әдіснаманың басқа ғылыми пәндермен арақатынасы. Жеке тұлғаның ойлау операциясы. Сараптау. Синтез. Жалпылау. Топтау. Таным қызметі. Ойлау. Шығармашылық. Қызмет. Сын. Өзара түсінік, пәнаралық бағдарлама.

#### **4.2 «Қазіргі дінтанудың мәселелері» пәні**

##### **Дінді зерттеудегі негізгі бағыттарға сараптама**

Діннің пайда болуы. Негізгі гипотезалар (натуралистік, анимистік, антропологиялық, элеуметтік, протодін гипотезасы). Негізгі дүниетанымдық жүйелер (теизм, деизм, пантезм, атеизм, политеизм, анимизм, тотемизм). Діни ұстанымдар. Діннің пайда болуы мен мәні туралы исламдағы, христиандықтағы, буддизмдегі түсініктер. Догматтардың болуы мәселесі. Христиандық - догматы қалыптасқан діни жүйе. Догмат және канон. Қасиетті Жазбалар мен Қасиетті Ілімдер. Анықтамалардың түрлері: теологиялық түсініктеме (Э. Трельч, Р. Отто, П.А. Флоренский, П.Л. Бергер, Т. Лукман және басқалар.) философиялық (Б. Спиноза, И. Кант, Ф.Гегель, Л. Фейербах және басқалар.), социологиялық (М.Вебер, Б.Малиновский, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс және басқалар ) биологиялық және психологиялық (У. Джеймс, Л. Леви-Брюль, З.Фрейд, Э.Фромм, К.Г. Юнг және басқалар.), этнологиялық бағыттар. Элеуметтік – гуманитарлық ой тарихындағы дін: методологиялық аспектілері. Дінді зерттеудің ғылыми принциптері.

##### **Дін символдық жүйе ретінде**

Дін социологиясындағы діннің анықтамасының варианттары. Дінді семиотикалық тұрғыда түсіндіру жолдары. Дінді адамзат тәжірибесін ұйымдастырушы символдық белгілердің жүйесі ретінде қарастыру. Семиотикалық бағыт шеңберіндегі миф, магия, сиқыр теориясы.

Діни дүниетанымдағы әлемнің символикалық тәртібі. Әлемнің діни суреті және діни антропология (теоцентризм).

Діннің реттеушілік мүмкіншілігі. Мораль және дін. Діни этика және адамгершілік мәселелері.

##### **Дін туралы ғылым және діндер тарихы**

Дін тарихи-философиялық процестің бір компоненті ретінде. Фольклорды зерттеуші ағайынды Гриммдер, Мифология және салыстырмалы лингвистика Ф.М. Мюллера, Дінді тарихи феномен ретінде зерттеу. И.Я. Баховен. Ағартушылар дін туралы. Дін туралы ғылым пәні. Дін туралы ғылымның негізгі тараулары. Ұғымдар мен терминдер классы: болмыс, сана, таным, көрініс, символ, ақиқат, мәдениет, және басқалар. Дінтану методикасындағы теориялық материалдар мен фактыларды мазмұндаудың принциптері. Курстың мақсаты мен міндеттері.

##### **Діндерді топтамалау принциптері**

Діни феномендер мен формаларды топтамалау проблемалары. Топтамалаудың нормативті, философиялық, феноменологиялық, неолингвистік және морфологиялық принциптері. Діннің тарихи топтамасы.

##### **Теологиялық түсіндірме**

Исламдық, христиандық, буддалық зерттеушілердің дінге берген түсініктері. Діни гипотезалар: пантеистік, деистік, теистік; олардың мазмұны және айырмашылықтары.

#### **Философиялық концепциялар**

Діни емес гипотезалар; олардың топтамасы. Ойлап табу теориясы. Келісімшарт теориясы. Эвгемеризм теориясы. Натуралистік гипотезалар; оның түрлері. «Гносеологиялық» теория. Қорқыныш теориясы (Демокрит, Спиноза, Юм).

#### **Социологиялық концепциялар**

Саяси гипотезалардың мәні. Социологиялық теориялар (М. Вебер, Э. Дюркгейм, Г. Зиммель). Дінге қатысты жүйелі-функциональдық бағыт.

#### **Биологиялық және психологиялық түсініктемелер**

Дінді психологиялық тұрғыдан түсіндіру негіздері. У.Джеймстің психологиялық теориясы. В.Дильтейдің түсінетін психологиясы. Психоанализдегі діннің түсіндірмесі.

#### **Этнологиялық теориялар**

Тайлордың анимистік теориясы және оны фальсификациялау. Магия мен дінді қарысы қою (Дж. Фрэзер). Бейімделу теориясы (Маретт, Робертсон-Смит, Малиновский, Радклифф-Браун, Леви-Брюль).

#### **Мифологиялық – лингвистік концепциялар**

Дінді салыстырмалы зерттеудің мәні. Мифологиялық концепция. Дінді белгілер арқылы зерттеу. «Жабайы» ойлау логикасы. Бинарлық оппозиция және оның шешілімі.

#### **Феноменологиялық концепция**

Дін феноменологиясының қалыптасуы. Р.Отто теориясы. Дін феноменологиясымен басқа дінтанулық пәндердің қатынасы. Г. Ван дер Леув, М. Элиаденің дінтанулық еңбектері.

### **5. ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ.**

1. Дінтану пәнінің құрылымы.
2. Тейяр де Шарденнің діни көзқарастары және соған қатысты католиктік шіркеу ұстанымы.
3. Діннің пайда болуының әлеуметтік және гносеологиялық алғышарттары және негіздері.
4. Қазақстандағы дінтанудың ғылым және оқу пәні ретінде қалыптасып дамуы.
5. Деструктивті және тоталитарлық секта ұғымы мен белгілері.
6. Р.Штайнердің антропософиясы.
7. Ежелгі діндер және олардың классификациясы.
8. Құрылымдық лингвистикадағы дінтанулық зерттеулер.
9. Дінтанудағы текстология.
10. Діннің пайда болуы мен мәні туралы исламдық, христиандық, буддистік түсініктер.

11. Діндегі қасиеттілік пен әулиелік.
12. Ламаизмнің діни ілімдік ерекшелігі.
13. Г.Марсельдің діни экзистенциализмі.
14. Дін әлеуметтануының қалыптасуы.
15. Дінтану әдіснаманың басқа ғылыми пәндермен арақатынасы.
16. Қазақстандағы дінтанулық зерттеулер және олардың әдіснамасы.
17. Қазақстандағы дінтану ғылымының даму кезеңдері мен мәселелері.
18. Қазіргі заманғы иудаизм.
19. Буддизмдегі негізгі бағыттарға салыстырмалы талдау.
20. Қазіргі заманғы буддизм.
21. Қазіргі замандағы исламтанулық зерттеулер.
22. Э.Тайлор еңбектеріндегі алғашқы дін формаларының зерттелуі.
23. XX ғасырдағы католиктік философияның негізгі тенденциялары.
24. Қазіргі синтоизм.
25. Діннің теологиялық анықтамалары (исламдық, христиандық, буддалық зерттеушілердің дінге берген түсініктері).
26. Қазақстандағы діни жағдайды зерттеу мен талдаудың әдістемелік негіздері.
27. Қазіргі заманғы дінтанудың әдіснамалық мәселелері.
28. Нью Эйдж қозғалысы және оның себептері.
29. Қазіргі дін философиясының қалыптасуының алғы шарттары (методологиялық негіздері).
30. И. Канттың дін философиясы.
31. Қазақстандағы дінтану: қазіргі жағдайы және даму тенденциялары.
32. Қазақстандағы ар-ұждан бостандығы және діни бірлестіктер.
33. XX ғасырдағы секуляризация және дін.
34. Қазіргі заманғы ислам философиясы
35. XIX-XX ғғ. исламдағы реформаторлық қозғалыстың негізгі идеялары.
36. Діннің элементтері мен құрылымы.
37. Ислам дініндегі адам мәселесі.
38. Оккультизм және мистицизм ұғымдары мен көріністеріне дінтанулық талдау.
39. С. Кьеркегордың діни философиясы.
40. Ислам дініндегі шииттік бағыт.
41. Пьер Шантепи де ла Соссе дін туралы.
42. М.Вебер діннің әлеуметтік мәні мен функциялары туралы.
43. Қазіргі заманғы христиан діні және саясат.
44. Діннің феноменологиялық анықтамалары.
45. Қазіргі діни философиядағы антропологиялық дискурс.
46. Л.Фейербах діннің мәні туралы.
47. XX ғ. дін философиясы.
48. М.Лютер: католиктік шіркеу сыны.
49. Дінтанудың қазіргі заманғы мәселелері.
50. Дінтану методологиясы.

51. Исламдағы құлшылықтар мен діни мерекелер.
52. Мирче Элиаде: дін тарихы және феноменологиясы.
53. Діни тәжірибе: мәні мен құрылымы.
54. Дін әлеуметтік құбылыс ретінде зерттелуі.
55. Інжілді салыстырмалы дінтанудық талдаудың қалыптасуы мен дамуы.
56. Деструктивті діни ағымдардың іс-әрекетінің алдын алу шаралары.
57. Қазіргі заманғы ислам фикһы.
58. Православие шіркеуінің діни ілімінің ерекшеліктері және культі.
59. Сопылық феноменологиясы және практикасы.
60. Қазіргі заманғы католиктік теология.
61. Ислам дінінде тағдыр мәселесі.
62. Дінді семиотикалық (белгі, таңба) тұрғыда түсіндіру жолдары.
63. Құран Кәрімнің мазмұны мен құрылымы.
64. Шәкәрімнің діни дүниетанымы.
65. Ежелгі Грекия мен ежелгі Римдегі дін және мистериялық культтер және олардың жаңартылдықтағы көріністері.
66. Қазіргі Қытайдағы даосизм және конфуцийшілдік.
67. Ислам дінінің Қазақстанға таралуының себептері мен алғышарттары.
68. Дін және әлеуметтік жүйе: құрылымдық-функционалдық талдау.
69. Бахай сенімі діни ілімінің ерекшеліктері және қазіргі жағдайы.
70. Діни антропологиядағы лексикалық-методологиялық дискурс.
71. Қазіргі заманғы дәстүрлі емес культтер.
72. Саентология шіркеуінің шығуы мен даму тарихы және діни ілімі.
73. Негізгі христиан діни бағыттарының ілімін салыстырмалы талдау.
74. Қазіргі исламдағы құрантану.
75. Қазақстандағы тәңіршілдіктің зерттелуі.
76. Еркін ойшылдық ұғымы мен формалары.
77. Мәдениет жүйесіндегі дін.
78. Әлемнің ғылыми және діни суреттемесі: қарама қайшылықтары мен ықпалдастықтары.
79. Қазіргі заманғы миссионерлік. Діни уағыз: мәні мен құрылымы.
80. Ислам тарихындағы мұғтазилиттер.

## 6. ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Негізгі әдебиет:

1. Армстронг К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны / ауд. Д.Кенжетай, К.Қаратышқанова, А.Тасболат // - Алматы, 2018
2. Байтенова Н.Ж., Бейсенов Б.Қ., Абжалов С.В., Құрманалиева А. Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтар. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2013. – 326 б.
3. Байтенова Н.Ж., Бейсенов Б.Қ., Абжалов С.В. Исламдағы секталар мен бағыттар. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ Университеті, 2013. – 110 б.
4. Құрманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Борбасова Қ. Діндер тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: ҚазҰУ, 2012. – 150 б.
5. Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б. Қазіргі Қазақстандағы дінтану: қалыптасуы мен даму жолдары. – Алматы, ҚазҰУ, 2014. – 138 б
6. Сейтбеков С. Мазһабтар тарихы. – Алматы, 2013
7. Яблоков И.Н. Основы религиоведения. М.: Выс. Шк., 2004. – 511 с.
8. А. Н. Красников Методологические проблемы религиоведения Издательство: Академический Проект, 2007.
9. Маймақов Ғ. Қазіргі заманғы дінтану негіздері. Оқулық. – ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2012. – 235 б.
10. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы, 2013. – 204 с
11. Васильев Л.С. История религий востока. Москва, 1998.
12. Гараджа В.И. Социология религии. М. 2006
13. Шахнович М.М. Религиоведение. СПб. 2006
14. Самыгин С.И, Нечипуренко В.И., Полонская И.Н. Религиоведение: Социология и психология религии. Ростов на Дону.
15. Философия религии: Хрестоматия. /Авт.-сост. В.Е.Данилова.— М.: Флинта, 2009.-536 с.

### Қосымша әдебиет:

1. Кокеева Д.М. Үнді дінінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰУ, 2012. – 183 б
2. Михайлова Л.Б. Религиозные традиции мира: иудаизм, христианство, ислам. – М., 2013. – 380 с
3. Затов А. Современная западная философия. – М: Высшая школа, 2012
4. Ермишина К.Б. Религиозная антропология. – М.: Православный Свято-Тихоносский Университет, 2013. – 368 с.
5. Асан А.Т., Балапанова А., Козырев Т.А. Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты. – Алматы: Қазақ Университеті, 2013. – 213 б.



6. Байтенова Н.Ж., Демеуова А.А. Религия как социо-культурный феномен: религиоведческий дискурс. Учебное пособие. – Алматы: ҚазҰУ, 2016. – 138 с
7. Элиаде М. История веры и религиозных идей: от каменного века до элеванских мистерий. – М.: Академический проект, 2014.
8. Бурова Е., Косиченко А. Актуальные проблемы развития религиозной ситуации в РК. – Алматы, 2013. – 137 с.
9. Сабри Хизметли. Орта Азия Түрік Республикаларындағы Зиянды Ағымдар және Миссионерлік. – Алматы, 2006.
10. Лукьянов А.В., Пушкарёва М.А. Немецкая классическая философия религии: Учебное пособие /Изд-е БашГУ. – Уфа, 2002. – 230 с.